

Бекітемін:
Абай облысы ДСБ
«Областық
қан орталығы»

ШЖҚ КМК директоры

А.Б.Альжанова

«___» _____ 2023 жыл



Ақылы медициналық қызметтер көрсетуге арналған ашық (жария) шарты

Бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталатын Абай облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК Жарғының негізінде әрекет ететін директор А.Б. Альжанова атынан, бір тараптан және бұдан әрі «Емделуші» деп аталатын емделушінің мүддесін атқарушы, оның заңды өкілі екінші тараптан (бұдан әрі – Тараптар) төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Шарттың нысанасы

1. Жеткізуші «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК ұсынған ақылы медициналық қызметтерге арналған преysкурантқа сәйкес медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінен асатын қызметтер көрсетеді, олар келісілген мемлекеттік тапсырысқа кірмеген, Абай облысының денсаулық сақтау саласы басқармасымен келісілген.

2. Қызметтер осы келісім Шарт бойынша Абай облысы мекенжайы бойынша орналасқан жеткізушінің ғимаратында көрсетіледі. Семей қаласы, Сеченов көшесі, 4/3.

3. Осы Келісімді орындау кезінде Тараптар медициналық мекемелердің халыққа ақылы медициналық қызмет көрсетулерін реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын да басшылыққа алады.

4. Осы Шарттың талаптары Жеткізушіге медициналық көмек алуға өтініш білдірген барлық адамдар үшін бірыңғай болып табылады. Осы Шарттың талаптары емделушінің бастамшылығы бойынша өзгертуге жатпайды және ол осы құжат баяндалған түрде сөзсіз қабылдайды.

5. Осы жария шарт болып табылады. Осы Шартқа ҚР АҚ 387-бабының (жария шарт) талаптары қолданылады. Осы Шарттың талаптары жеткізушінің барлық пациенттері үшін бірыңғай болып табылады.

2. Ақылы қызметтер көрсеткені үшін өзара есеп айырысу рәсімі

6. Жеткізушінің қызметтеріне ақы төлеу осындай Қызмет көрсетілген күні қолданыстағы баға прейскуранты бойынша жүзеге асырылады, «Пациент» іс жүзінде көрсетілген шығындарды «Жеткізуші» бухгалтериясына қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша өтеуге міндетті.

7. Осы Ақылы қызметтер көрсетуге арналған шартқа қол қойылғаннан кейін және ақылы қызметтер көрсету басталғанға дейін Жеткізуші қызметін алушы 100% мөлшерінде төлемді енгізеді.

8. Қажет болған жағдайда көрсетілген медициналық көмектің нақты көлемін ескере отырып, қызметтер көрсету процесінде шарт сомасын түзетуге жол беріледі. Қосымша сома пациент тарабынан қызметтерді іш жүзінде нақты алғаннан кейін пациент тарабынан төленеді.

9. Жеткізуші пациентке қолма-қол ақшаның қабылданғанын растайтын құжат (фискалды чек, кіріс-кассалық ордер) береді.

10. Көрсетілетін қызметтер мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда (басқа денсаулық сақтау ұйымына ауысу, пациенттің ахуалының жақсарту, өлім-жітім нәтижесі және т.б.) жағдайларында Жеткізушіден пациенттің белгіленген орналасу режимін бұзу, мерзімінен бұрын босату жағдайларын қоспағанда, пациентке төленген сома мен көрсетілген медициналық қызметтердің нақты құны арасындағы айырмашылық төленеді.

3. Тараптардың міндеттері

11. Өнім беруші:

- лицензияға сәйкес сапалы медициналық көмек/қызмет көрсетуге;
- денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган рұқсат берген диагностиканың, профилактика мен емдеу әдістерін, сондай-ақ дәрілік заттарды қолдануға;
- халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен гигиеналық нормативтерді сақтауға;
- инфекциялық аурулар, уланулар, айналадағыларға қауіп төндіретін психикалық және мінез-құлықтың бұзылу (аурулар) жағдайлары туралы - уәкілетті органға, төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарының пайда болу қатері және (немесе) туындауы туралы - төтенше жағдайлар жөніндегі органдарға, жаңа алған жарақаттар, жаралар, криминалдық түсіктер бойынша келіп көрінген адамдар туралы мәліметтерді, айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың жағдайлары туралы ішкі істер органдарына хабарлауды қамтамасыз етуге;
- пациенттің емдеу нәтижелеріне қанағаттанушылығының ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдауға;
- көрсетілген медициналық және сервистік қызметтердің түрлерін көрсете отырып, Тапсырыс берушіге белгіленген мерзімде шот ұсынуға;
- Тапсырыс берушіге осы Шарттың орындалуына тексеру жүргізу үшін барлық қажетті медициналық және қаржылық құжаттаманы ұсынуға;

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

12. Пациент міндетті:

- ұйымның ішкі тәртібін, жұмыс режимін сақтауға;
- Шарт талаптарын сақтауға;
- көрсетілген қызметтер үшін төлемді уақтылы жүргізуге.

4. Тараптардың құқықтары

13. Пациенттің құқықтары:

- медициналық қызмет көрсететін медицина қызметкерлерінің біліктілігі туралы ақпарат алуға;
- денсаулық сақтауды басқару органдарына, медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі органға, белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз медициналық сарапшыларға жүргізілген емдеу сапасына және дәрігерлік тағайындаулардың негізділігіне сараптама жүргізуге жүгінуге;
- көрсетілген медициналық ақылы қызметтердің құны туралы ақпарат алуға;
- 2 жұмыс күн ішінде жүргізілген талдаулардың нәтижелері туралы қорытындылар алуға.

14. Жеткізуші құқығы:

- жеткізілген қызметтер үшін төлемді уақтылы алуға;
- өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтары бар.

5. Тараптардың жауапкершілігі

15. Қызмет көрсетуші (жеткізуші) ақылы қызметтер көрсету бойынша жол берілген тәртіп бұзушылық жағдайлары үшін (медициналық қызметтерді тиісті көлемде және сапада көрсетпеу, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіретін қызметтер үшін пациенттерден ақы алу, нақ сол медициналық қызметті көрсеткені үшін екі рет ақы алынса) жауапты болады.

16. Пациент Қызмет көрсетушіге іс жүзінде көрсетілген медициналық көмектің көлемі үшін шығындарды уақтылы өтемегені үшін жауапты болады.

17. Қызмет көрсетуші (жеткізуші) тарапынан Медициналық көмек көрсету жөніндегі шарт талаптарының бұзылуы Шарттың күшін жоюға және Қызмет көрсетушінің Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

18. Тапсырыс беруші тарапынан (пациент) Медициналық көмек көрсету жөніндегі шарт талаптарының бұзылуы Шарттың күшін жоюға және Тапсырыс берушінің Шарт сомасының 00,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

6. Шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату

19. Шартты мерзімінен бұрын бұзу ниеті туралы тараптар бір-бірін алдын ала хабар дар етуге міндетті.

7. Қорытынды ережелер

20. Тараптардың бірде-бірі өздерінің осы Шарт бойынша міндеттемелерін екінші тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

21. Осы Шарт пациент ақылы қызметтер көрсетуге арналған өтінімге қол қойған күннен бастап жасалған болып есептеледі және осы Шарт бойынша тараптардың барлық міндеттемелері орындалған кезге дейін қолданылады.

22. Пациент осы Шартты жасай отырып, Жеткізушіге өзінің дербес деректерін жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға және өңдеуге, оның ішінде автоматтандырылған түрде өңдеуге Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес келіседі, сондай-ақ пациентке жеткізуші қызметтері туралы хабарлау телефон байланысы және электрондық поштамен жүргізіледі.

23. Осы Шарт тараптар оған қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және тараптар осы Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындаған сәтке дейін қолданылады.